

Келісілді *Б.Т.*
«Babi» бөбекжайының
әдіскері Базаралиева Б.Т

Бекітілді *О.А.*
«Babi» бөбекжайының
директоры Кулахметова О.А



**Тақырыбы: «16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының
Тәуелсіздік күні»**



Тәрбиеші: Махамбет Қ.М

2025-2026 оқу жылы

ТАҚЫРЫБЫ: 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

МАҚСАТЫ: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі туралы түсінік беру, ата-бабаларымыздың ерлігі жайлы айту арқылы халыққа қызмет ету түсінігін қалыптастыру; Отанға, туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. Көрнекілік материалдар.

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің аудиожазбасы, Отан туралы ән (минус), фортепиано; интербелсенді тақтаға арналған көріністер: іс-шара тақырыбын, Мемлекеттік Елтаңбаны, Туын бейнелейтін суреттер; Қазақстанның Тәуелсіздік күніне салтанатты түрде безендірілген топ.

2. Үлестірмелі материалдар.

Балаларға арналған мерекелік костюмдер, бала санына қарай көгілдір түсті жалаулар.

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Зал іші Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналып безендірілген. Балалар жартылай шеңбер құрып отырады. Салтанатты музыка қосылады.

Педагог:

Құтты болсын Тәуелсіздік мерекесі,
Мықты болсын елімің керегесі.
Татту-тәтті болып халқымыз әрқашан,
Кетпесін туған жердің берекесі.

Балалар мен қонақтар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындау үшін орындарынан тұрады. Гимн орындалады.

Гимнді орындап болғаннан кейін балалар орындарына отырады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

– Балалар, бүгін еліміздің мерекесін атап өтеміз. Біздің еліміз қалай аталады?
– Иә. Біздің еліміз Қазақстан Республикасы деп аталады. Жарайсындар!
– Бүгін еліміздің туған күні. Бұл мерекені Тәуелсіздік күні деп атайды.
Ер еңбегі шалқып тасқан,
Ел өркендеп бақыт тапқан.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

– Балалар, біздің еліміз Тәуелсіздік жолында ұзақ жүрді. Оған жету үшін көп қиындықтан өтті. Батырлар мен сарбаздар Отанымызды қорғады.

Тәрбиеші қазақ халқының қайраткер тұлғаларының суреттерін балаларға көрсетеді: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов.

– Балалар, мына суреттерге қараңдар. Бұл біздің данышпан бабаларымыздың портреттері. Ғалымдар, жазушылар, ақындар мен қайраткерлеріміз: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов.

– Нұрсұлтан Назарбаев біздің еліміздің бірінші президенті болған адам.

– Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің екінші президенті.

– Балалар, әр елдің өзінің ұлттық рәміздері болады. Мерекенің басында Қазақстанның Гимнін орындадық.

– Мына суретті кім таныды?

– Бұл Қазақстанның Елтаңбасы.

– Біздің Елтаңбамызда қанатты жылқылар, ортасында шаңырақ, жұлдыз, сары бидай сабақтары бейнеленген.

Тәуелсіздік жолында,

Талай-талай тер тамған.

Билігім өз қолымда,

Еркіндігім – Елтаңбам!

– Бұл Қазақстан Республикасының Туы. Туымыздың бейнесін есімізге сақтап алу үшін жалауларды қарастырып, музыка әуеніне ілесіп желбіретейік.

Тәрбиеші балаларды ортаға шақырады, барлығына көгілдір түсті

жалауларды таратып береді (кәдесый). Тәрбиеші музыканы қосады, өлеңді мәнерлеп оқиды. Балалар жалауларды желбіретіп тұрады.

Тұманбай Молдағалиев «Біздің ту»

Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы.

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды.

Көк аспанда қызыл күн,

Көк аспанда жас қыран.

Естілгендей біздің үн

Сол ғарыштың астынан.

Жанатындай өзі отша,

Жалын шарпып бетінді.

Туымыз да қазақша

Сөйлеп тұрған секілді.

Туымызға жас тұнған

Бір қарамай өтпейміз.

Сол көк тудың астында

Көгереміз, көктейміз!

– Балалар, Отанымыз туралы ән айтайық

Отан туралы ән айту. (музыкалық жетекшінің жоспары бойынша)

Балалар орындарында отырады. Педагог жалауларды жинап алады.

Байтерек мұнарасының суреті көрсетіледі.

– Балалар, мына мұнараны кім таныды?

– Иә. Бұл Байтерек мұнарасы. Байтерек – Тәуелсіздігіміздің нышаны.

Отанымның тірегі

Астанамның жүрегі.

Мақтан етем өзінді,

Байтерегім киелі.

– Байтерек мұнарасы Астанамыздың ортасында жарқырап тұр.

«Байтерек» биі. (музыкалық жетекші, педагогтің жоспары бойынша)

Балалар бір-бірінің артынан жүреді, үлкен шеңбер құрып тұрады. Олар аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары созып, саусақтарының арасын ашып ұстайды. Аяқтың өкшесін жерге тіреді («Міне, біздің Байтерегіміз қандай биік екенін қараңдар!») Бір орында тұрып тербелуге немесе айналуға болады. Жаттығулар кешені қайталанады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тәрбиеші:

– Бүгінгі мерекелік іс-шарамыз аяқталды. Құрметті балалар, қонақтар, барлығыңызды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен құттықтаймын. Біздің еліміздің бақытты өмірі мәңгілікке жалғассын! Марш қосылады, балалар залдан шығып кетеді.